Ұ Й Ғ А Р Ы М

18 шілде 2024 жыл Павлодар қаласы

Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Ә.С.Төлембекова талап қоюшының талап арызы бойынша материалдарды қарап:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Павлодар облысы білім беру басқармасының «Железин ауданының білім беру бөлімі» мемлекеттік мекеме

ЖАУАПКЕР:
«О.К.Proservise» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАПКЕРДІҢ ТАЛАПТАРЫ:

1.мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану
2.тұрақсыздық айыбын өндіру

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Талап қоюшы Павлодар облысы білім беру басқармасының «Железин ауданының білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесі «О.К.Proservise» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюмен сотқа жүгінді.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

ҚР АПК-нің 151-бабының 1-тармағы бойынша егер арыз азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қарауға және шешуге жатпаса судья талап қоюды қабылдаудан бас тартады.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңының 44-бабының 1 тармағына сәйкес, егер жеңімпаз деп танылған әлеуетті өнім беруші осы Заңда белгіленген мерзімдерде тапсырыс берушіге мемлекеттік сатып алу туралы қол қойылған шартты ұсынбаса немесе мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасып, мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді және (немесе) осы Заңның 26-бабына сәйкес соманы (ол болған кезде) енгізбесе, онда мұндай әлеуетті өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарды деп танылады.

Заңның 12-бабының 5 тармағы бойынша, осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 2) тармақшасында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі уәкілетті органның әлеуетті өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы шешімі негізінде қалыптастырылады.

Жауапкер шартқа қол қойып, он жұмыс күн ішінде шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын енгізбеген, сондықтан өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарды деп танылады.

Қаралған жағдайда, өнім берушіні мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған үшін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану мәселесі соттың құзыретіне жатпайды.

Талап қоюшы осы мәселе бойынша мемлекеттік сатып алу уәкілетті органға жүгіну қажет.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

ҚР АПК-нің 151, 268, 269-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

Ұ Й Ғ А Р Ы М Е Т Т І:

«Павлодар облысы білім беру басқармасының «Железин ауданының білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «O.K.Proservise» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюды қабылдаудан бас тартылсын.

Ұйғарымға тараптар ұйғарымның түпкілікті нысанда дайындалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде Павлодар облысының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Павлодар облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі апеляциялық сатыдағы сотқа жеке шағым беруі, прокурордың өтінішхаты келтіруі мүмкін.

Судья Ә.Төлембекова

Құжатқа қол қойылған: Тюлембекова А. С., 18.07.2024